



*Әбу Юсуф Йағқуб (Жақып)
ибн Исхақ әл-Кинди.*

**Орындаған: Жақсылықова Б.Е.
Факультет: ФӨТ
Курс: 2
Тобы: 18-015-1к**

Жоспар:

- 1. Әл-Кинди туралы мәлімет;**
- 2. Жазған еібектері,
трактаттары;**
- 3. Әл-Кинди философиясы;**
- 4. Химия және оптика туралы;**



Әбу Жүсіп әл-Кинди немесе Әбу-Юсуф Иакуб ибн Исхақ әл-Кинди (800, Басра[1][2][3] — 860/879) — араб философиясының негізін салушы, араб философы, астрологі, математигі әрі дәрігері, «арабтардың философы» деген құрметті атаққа ие.




**Өскен жері – Бағдад . Басрада білім алған,
арғы тегі арабтың атақты Кинда атты
тайпасынан.**



**Зерттеушілер оның 238 трактаты болғанын айтады.
Содан біздің заманға жеткені — 29.**


Италиян ғалымы Карден оны әлемдегі үздік жиырма ойшылдың бірі деп атаған. Ол Аристотель шығармаларын араб тіліне аударып, түсініктеме жазды. Сол замандағы озық дүниетанымдық ағым — мутазилиттер көзқарасына сәйкес әлемнің пайда болуы, жаратылуы туралы құнды пікірлер айтқан. Материя, форма, қозғалыс, кеңістік, уақыт, субстанция, сан, сапа сияқты ұғымдарға терең талдау жасаған. Философияның мақсаты мен қызметі туралы нақты тұжырым жасап, оның білім саласындағы орнын анықтауға үлкен үлес қосқан.



әл – Кинди ғылымдардың жүйесін жасаған. Бұл жүйеге «сан туралы ғылым» арифметика мен гармония, алаңды өлшейтін ғылым – геометрия, жұлдыздар туралы ғылым – астрономия кірген. Төртінші орында алдыңғы үш ғылымды біріктіретін гармония туралы ғылым тұрған.



Әл-Кинди химия саласында Кимия әл-Итр, Рисалат фил-Итр уа ануаъуһ, Китәб әт-Тәнбиһ алә худаъ әл-Кимиаин деген кітаптар жазған. Сондай-ақ осы салада жсалған алтын мен күміс жасаушыларға қарсы кітап жазған. Кейбір ғалымдар белгілі бір элементтерді қосу арқылы жсай металдарды бағалы металдарға айналдыруға болатындығы туралы пікірді қолдайтын. Әл-Кинди сияқты білімпаздар мұндай жаңсақ пікірді ғылыми түрде сынап, жоққа шығарды.



Әл-Кинди оптика саласына ерекше маңыз берген мұсылман философы. Ол һижри 260 жылдары ғылыми танымның түрлі салаларында көп тер төкті. Сондай еңбектерінің бірі оптика ғылымы саласын зерттеуші мұсылман ғалымдары мен ортағасырлық Батыстағы ғұламаларының еңбектеріне елеулі әсерін қалдырған Ихтилаф әл-Маназир атты кітабы.



Болмыс мәселесінде екі субстанция туралы айтылады:

- бірінші – **субстанцияның сан мен сапалық жақтарын зерттеу арқылы білуге болатын сезімдік заттар.** Мұны, сандық жақтарды сан жөніндегі ғылым зерттейді;
- екінші – **субстанцияның сапалық үйлесімділігін, заттардың мөлшерлік қатынастарын қарастыратын ғылым.** Заттардың сапалық жағын математика саласына жататын геометрия мен астрономия ғылымдары зерттейді, өз кезегінде субстанцияны білмеген адамға философия да беймәлім болып қалады.

Қорытынды

Сонымен. Біз әл-Кинди туралы бізге жеткен мәліметтерді алдық.

Расында да әл-Кинди бүкіл араб жұрты мен күллі мұсылман үмметінің үлкен мақтанышына айналған ұлы данышпан.

Оның ғалымдығын Шығыс пен Батыстың білімдарлары бірауыздан мойындаған.

Осындай артына кереметтей өшпес мұра тастап кеткен ұлы данышпан әл-Киндиді Алла Тағала разы болып, рахымына бөлесін!

Пайдаланылған әдебиеттер:

- ❑ https://kk.wikipedia.org/wiki/Әбу_Жүсіп_Әл-Кинди
- ❑ <http://fatua.kz/kz/post/view?id=245>